

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 шілдедегі N 604 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 29 қыркүйек 1994 ж. N 1077. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.08.03. N 826 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Ұлттық қауіпсіздік органдарының офицер құрамындағы адамдары мен ішкі істер органдарының басшы құрамдағы адамдарын Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппаратына іссапарға жіберудің бірыңғай тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 шілдедегі N 604 қаулысына мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

қаулының атауы мынадай редакцияда баяндалсын:

"Әскери қызметтегі офицерлер мен ішкі істер органдарының басшы құрамдағы адамдарын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің, Президентінің және Министрлер Кабинеті Іс Басқармасының Аппараттарына іссапарға жіберу тәртібі туралы";

Қаулының мәтініндегі "ұлттық қауіпсіздік органдарының офицер құрамындағы адамдары" сөздері "әскери қызметтегі офицерлер" сөздерімен, ал 3-тармақтың екінші абзацынан басқа мәтініндегі "Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппаратына", "Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының", "Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратында" сөздері тиісінше "Жоғарғы Кеңестің, Президенттің Аппараттарына және Министрлер Кабинеті Іс Басқармасына", "Жоғарғы Кеңестің, Президенттің Аппараттарының және Министрлер Кабинеті Іс Басқармасының", "Жоғарғы Кеңестің, Президенттің Аппараттарында және Министрлер Кабинеті Іс Басқармасында" сөздерімен алмастырылсын;

1-тармақ "Қазақстан Республикасының" сөздерінен кейін "Қорғаныс министрлігі" сөздерімен толықтырылсын;

2-тармақтың бірінші абзацындағы "ұлттық қауіпсіздік және" сөздері алынып тасталсын, ал үшінші абзацы "тиісінше Қазақстан Республикасының" сөздерінен кейін "Қорғаныс министрлігі" сөздерімен толықтырылсын;

3-тармақтың бірінші абзацынан "ұлттық қауіпсіздік немесе ішкі істер органдарындағы соңғы лауазымы бойынша белгіленген штаттық-лауазымдық санаты бойынша" сөздері алынып тасталсын;

3-тармақтың екінші абзацындағы "тәртіппен" сөзінен кейінгі "Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппараты Басшысының" деген сөздердің орнына "Қазақстан Республикасы Президентінің, Жоғарғы Кеңестің Аппараттары басшыларының және Министрлер Кабинеті Іс Басқарушысының" сөздері жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 шілдедегі N 604 қаулысымен белгіленген іссапарға жіберу тәртібі енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды ескере отырып Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының қызметкерлеріне қолданылатын болсын.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-министрі*